

Т.Ә. Төлебаев^{ID}, С. М. Илгидаева*^{ID}

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Алматы, Қазақстан

*e-mail: symbat.moshyn@gmail.com

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АРХИВ ІСІНІҢ КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Кеңестік Қазақстандағы архив ісі тарихы бойынша тарихнамалық зерттеулер жоқтың қасы. Қазақстандағы архив ісі туралы баяндамалар мен мақалалардан бастап көлемді монографияларға дейінгі көптеген зерттеу еңбектері кеңестік кезеңде жарық көрді. Сол себепті де бұл мақаланың мақсаты Қазақстандағы архив ісі тарихына арналған зерттеулерге тарихнамалық талдау жасау болып табылады. Кеңестік кезеңдегі ғалымдардың еңбектерінде сол кездегі одақтас республикалардағы, соның ішінде біздің елдегі де архивтер тарихы, архив қорлары, олардың түрлері мен ерекшеліктері, архивтанудың теориясы мен тәжірибесі, архив құжаттарының деректанулық маңызы туралы мәселелер зерттелді. Біздің зерттеу жұмысымыздың методологиялық негізі ғылыми еңбектердің мәні мен мазмұнын, олардың жетістіктері мен кемшіліктерін айқындауға мүмкіндік беретін феноменологиялық бағыт болды. Зерттеу жұмысының жаңалығы 1917 – жыл мен 1991-жыл аралығындағы Қазақстандағы архив ісінің дамуы туралы ғылыми еңбектерге жүйелі түрде тұжырымдар жасауда, Қазақстанның архивтанулық ғылымының жаңа міндеттері мен бағыттарын айқындауда, архив ісі тарихын зерттеудің методологиялық бағыттары мен ізденістерін дамытуда болып есептеледі. Ұсынылып отырған мақаланың ғылыми нәтижесі Қазақстандағы архив ісінің қалыптасу тарихын мұқият зерттеуді талап ететін біршама мәселелерді айқындауында және оларды зерттеу бойынша ұсыныстар беруінде.

Түйін сөздер: тарихнама, архивтанулық зерттеулер, талдау, сараптау, архив, архив ісі.

T.A. Tulebaev, S.M. Ilgidaeva*

Al-Farabi Kazakh National University. Almaty, Kazakhstan

*e-mail: symbat.moshyn@gmail.com

Study of archives in kazakhstan during the soviet period

There are practically no historiography studies on the history of archival affairs in Soviet Kazakhstan. During the Soviet period, numerous studies were published: from reports and articles to voluminous monographs on archival affairs in Kazakhstan. Based on this, the purpose of the article is a historiography analysis of studies devoted to the history of archival affairs in Kazakhstan. The works of Soviet scientists examined the issues of the history of archives, archival funds, their types and features, the theory and practice of archival science, the source study significance of archival documents in the union republics of that period, including in our country. The research methodology was a phenomenological approach that reveals the essence and content of scientific works, their advantages and disadvantages. The scientific novelty of the study lies in the systematic generalization of scientific research on the development of archival affairs in Kazakhstan from 1917 to 1991. , defining new tasks and directions in archival science of Kazakhstan, developing methodological guidelines and searches in studying the history of archival affairs. The scientific result of the presented article was the definition of a number of problems that require thorough study in the history of the formation of archival affairs in Kazakhstan and recommendations for their study were developed.

Key words: historiography, archival research, analysis, expertise, archive, archival work.

T.A. Түлебаев, С.М. Илгидаева*

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: symbat.moshyn@gmail.com

Изучение архивного дела в Казахстане в советский период

Историографических исследований по истории архивного дела в советском Казахстане практически нет. В советский период были изданы многочисленные исследования: от докладов и статей до объемных монографий об архивном деле в Казахстане. Исходя из этого целью статьи стал историографический анализ исследований, посвященных истории архивного дела в Казахстане. В трудах советских ученых были исследованы вопросы истории архивов, архивных фон-

дов, их виды и особенности, теории и практики архивоведения, источниковедческое значение архивных документов в союзных республиках того периода, в том числе в нашей стране. Методологией исследования стал феноменологический подход, выявляющий суть и содержание научных работ, их достоинства и недостатки. Научная новизна исследования состоит в системном обобщении научных исследований по развитию архивного дела в Казахстане с 1917 по 1991 гг., определении новых задач и направлений в архивоведческой науке Казахстана, развитии методологических ориентиров и поисков в изучении истории архивного дела. Научным результатом представленной статьи стало определение ряда проблем, требующих тщательного изучения в истории становления архивного дела в Казахстане и выработаны рекомендации по их изучению.

Ключевые слова: историография, архивные исследования, анализ, экспертиза, архив, архивное дело.

Кіріспе

Қазақстандағы архив ісінің құрылу тарихы, қалыптасуы және өркендеуі ұзақ уақытты қамтитын үрдіс. Еліміздің патшалық Ресейдің отарында, одан кейін кеңестік тоталитарлық жүйенің құрсауында болуы, шынайы тарихымызды және архив ісін де зерттеуге деген мүмкіндікті шектегендігін білеміз. Дегенмен, Қазақстандағы архив ісінің қалыптасуы, архив мекемелерінің пайда болуы туралы зерттеулер кеңестік заманда және тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде жарияланған еңбектерде көрініс тапты.

КСРО-да архив ісінің қалыптасуы мен дамуы барысында РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің (ХКК) төрағасы архив ісіне байланысты 1918-1919 жылдары бес декретке қол қойды. Бұл декреттер бойынша архивтегі барлық құжаттар бірыңғай мемлекеттік архив қорына жатқызылды және бүкіл халықтың меншігі ретінде жарияланды, құжаттарды сақтау және орталықтандыру мәселесі алға қойылды, барлық мемлекеттік мекемелердегі құжаттарды жоюға қатаң тыйым салынды.

Кеңестік кезеңде Қазақстандағы архив ісінің зерттелу дәрежесі тарихнамалық тұрғыда толық, кешенді түрде айқындалған жоқ. Көп еңбектерге тек шолу ретінде ғана тоқталғанымен, кейбір монографиялар мен диссертацияларда таптық-отаршылдық көзқарас басым болды. Қазіргі уақытта тарихи ескерткіштер мен құжаттардың сақталуы, оны қалың көпшілікке таныту және халық игілігіне айналдыру маңызды да жауапты істердің бірі. Осы жағдайларға байланысты тарихи құжаттар мен деректер сақталатын архив мекемелерінің тарихын, архив ісінің ұйымдастырылуы мен қалыптасуын, дамуын тарихнамалық тұрғыда зерделеу қоғамдық сұраныстан туындайтын, теориялық, практикалық тұрғыдан өзекті тақырып екендігі анық.

Материалдары мен зерттеу әдістері

Мақалада тарихнамалық дерек ретінде 1930 жылдардан бастап 1980 жылдары жазылған монографиялар, ғылыми мақалалар, оқулықтар, оқу құралдары, кандидаттық диссертациялар талданады. КСРО аумағындағы тарихнамасының негізін салушылар қатарына В.В.Максаковты монографиясының орны ерекше болып табылмақ (Максаков, 1969). Ғалымның еңбегі РКФСР-КСРО-дағы мемлекеттік архивтар құрылысының дамуы, мемлекеттік архив қорлары туралы көптеген өзекті мәселелерді көтеруімен маңызды болып отыр. Автор архивтің тәжірибелік рөлін жоғары бағалап, архив құжаттарын барлық салаға пайдалану қажеттігіне тоқталды. Кеңес Одағындағы архив ісінің қалыптасу тарихын зерттеген А.В.Чернов (Чернов, 1940), В.И.Вяликов (Вяликов, 1972), И.Л.Маяковский (Маяковский, 1960), В.Введенский (В.Введенский, 1938) және т.б. еңбектерінде архив мекемелерінің құрылуы, құжаттарды анықтау жұмыстарының жолға қойылғандығы, архив құжаттарын сақтау мәселесі, маман кадрларды дайындау және алғашқы архив жоғары оқу орнының құрылуы мәселелері көрініс табады. Сонымен қатар, И.З.Чумак (Чумак, 1956), Белов Г.А. (Белов, 1962), Чекмарева Н.В. (Чекмарева, 1989) және т.б. диссертацияларын ерекше атап өтуімізге болады. Себебі, аталған авторлардың диссертацияларында архив ісінің қалыптасуы, дамуы, архив ісіне қатысты қаулы-қарарлар туралы тоқтала келе, архивтанушылардың бірқатар еңбектеріне тарихнамалық талдау жасалған.

Отандық архивтанушылар мен архивистерден М.О.Джангалиннің (Джангалин, 1968, 1971), М.А.Абдулкадирова (Абдулкадиова, 1968), Б.Р.Рамазанова (Рамазанова, 1978), Хасанаев М.Ж. (Хасанаев, 1986), С.Байжановтың (Байжанов, 1988) еңбектеріне тарихнамалық

талдау жасалды. Аталған отандық архивтанушылардың еңбектерінің ерекшелігі архивтердің қоғамдық-саяси рөлін арттыру саяси-идеологиялық, мәдени-тәрбиелік, әлеуметтік-экономикалық және басқа да салалардағы өзекті міндеттерді шешу үшін таптырмас құрал болып табылатындығын көрсетеді.

Қазақстандағы архивтану ғылымы тарихнамалық тұрғыдан бүгінгі таңға дейін кешенді түрде зерттелмегендігін ескере отырып, тарихи ретроспективтік, салыстырмалы-сараптамалық, айқындау, қорытындылау сияқты *әдістер басшылыққа алынды*. Әсіресе Кеңес үкіметі орнап, 1918 жылдан бастап архив ісін ұйымдастыру мен қорларын құру Ережесінен кейін жасалған жұмыстар тарихына қатысты мәселелер, тарихнамалық сұрыптаудан өткізіліп жаңа сыни көзқараспен бағамдалды.

Нәтижелер мен талдаулар

КСРО-да архив ісінің қалыптасуы мен дамуы барысында РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің(ХКК) төрағасы архив ісіне байланысты 1918-1919 жылдары бес декретке қол қойды. Бұл декреттер бойынша архивтағы барлық құжаттар бірыңғай мемлекеттік архив қорына жатқызылды және бүкілхалықтың меншігі ретінде жарияланды, құжаттарды сақтау және орталықтандыру мәселесі алға қойылды, барлық мемлекеттік мекемелердегі құжаттарды жоюға қатаң тиым салынды. Жалпы алғанда Кеңес өкіметінің алғашқы күнінен мемлекеттік мекемелердегі құжаттардың тарихи маңызын, олардың барлығының бір жерге шоғырландырылуының қажеттілігін жете түсінгендігін байқаймыз. Ол үшін архив ісіне ерекше көңіл бөліну тиіс екендігі назарға алынды.

Архив ісінің дамуының РКФСР-КСРО аумағындағы тарихнамасының негізін салушылар қатарына Г.Тимченко, М.Н.Покровский мен В.В.Максаковты жатқызамыз. Бұл ғалымдардың еңбектерінде архив ісіне қатысты таптық жіктелу туралы көзқарастары кеңестік тарихнаманың басты бағыты ретінде қарастырылды.

Архив ісінің даму және қалыптасу кезеңдерінің тарихын зерттеген көптеген кеңестік ғалымдар архивистер қалыптасуын хронологиялық кезеңге бөліп қарастырды. Кеңес Одағындағы архив ісінің қалыптасу тарихын зерттеген А.В.Чернов, В.И.Вяликов, В.В.Сорокин, В.Н.Самощенко және т.б. болды.

Аталған ғалымдардың еңбектері сол кезеңдегі одақтас республикалардағы архивтардың

құрылу және архив істерінің қалыптасу тарихын қысқаша баяндауымен ерекшеленеді. Авторлар өз еңбектерінде Кеңестер Одағының мемлекеттік орталық архивнің тарихына кеңінен тоқталды. Бұл архивист-ғалымдардың алдында тұрған басты міндет архив тарихының даму дәуірінің хронологиялық кезеңін анықтау болды.

Жалпы, Кеңестер Одағы кезеңіндегі архив ісі мен органдарына қатысты ғылыми жұмыстардың көпшілігі маркстік-лениндік теория мен методологияға негізделген болатын. Олардың қатарында И.З.Чумак, Т.Е.Абилова, Е.Н.Грибанова, А.П.Пшеничный, И.А.Курникова және т.б. диссертацияларын атап өтуімізге болады.

Г.Тимченконың «Основы архивоведения» атты оқулығында Қазақстандағы архив ісінің қайта қалпына келуі мен нығаюы мәселесі қарастырылған (Тимченко, 1932). Автор 1932 жылы 10 наурызда Қазақ ОАК «Архив ісін қайта құру мен нығайту туралы» қаулы қабылданғанын атап өтеді. Ол қаулы бойынша 1 сәуірден бастап қызмет етіп тұрған Орталық архивтің Петропавл, Семей, Орал бөлімшелерін жойылғандығын айтады. Бюро оларды бюджеттік және әкімшілік қатынастарда тиісті облыстық атқару комитеттеріне бағындыра отырып, КазКСР орталығына ғылыми-әдістемелік басшылықты сақтай отырып, атқарушы комитеттермен келісім бойынша архив ісінің жауапты басшы қызметкерлерін – мамандарын іріктеп, жинақтап отырды, – деп көрсеткен (Тимченко, 1932: 7).

Қазақстан Орталық архив қорлары бойынша жазылған алғашқы еңбектердің қатарына Н.В.Горбанның еңбегін атауымызға болады (Горбань, 1933). Н.В.Горбань өзінің «Қазақстанның архивтік байлықтары» атты жолсілтерінде жұмысшы табы мен жұмысшы және революциялық қозғалыстар тарихы, өнеркәсіп тарихы, халыққа білім беру тарихына байланысты қорлар туралы мәліметтер келтірген. «Революцияға дейін архив қорларының тарихы, олардың ұрлануы мен жойылуының тарихы болды. Қазақстан тарихына байланысты көптеген құжаттар жойылып кетті» – делінген (Горбань, 1933: 5). Астананың Алматы қаласына көшірілуіне байланысты Жетісу архив бюросынан жаңа қорлар қосылып, Жетісу тарихын өз материалдарымен қамтитын маңызды саны жағынан да, сапасы жағынан да маңызды бөлім қалыптастырғандығын атап өтті.

В.А.Введенский «Архивное строительство в Казахстане» атты мақаласында Қазақстанда архив ісінің ұйымдастырылуының үлкен қиыншылықтарға ұшырағандығы туралы жаза отырып, көптеген құнды құжаттардың жойылғанын, тек

Жетісу облысы басқармасы қорынан 114011 іспен 727 кітаптың сатылып кеткендігі туралы мәліметтерді келтіреді. Сонымен бірге, еңбекте 1922 жылдың 22 қаңтарында Қырғыз (қазақ) Ағарту комиссариатының алқасында өлкеде орталық архив құру туралы ережені бекітті. Осы ережеге сәйкес Орынбор-Торғай архиві Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің орталық өлкелік архиві болып атауы өзгертілді, тікелей Халық ағарту комиссариатына қарағандығы туралы мәліметтер келтірген. Автор мақаласында үлкен территорияны иеленіп отырған қазіргі Қазақстан республикасындағы архив құрылысының ерекшеліктеріне тоқталады (Введенский, 1938).

Автор өзінің қызығушылығын қазақ даласын жаулап алу мен отарлауға басшылық еткен штаб ретінде Орынбор қаласына аударады. Архивтердің қараусыз, жергілікті әкімшіліктің бақылаусыз қалдыруы аса құнды архив материалдарының көпшілігінің жойылып кетуіне әкеліп соқтырды. Архив материалдарын жою стихиялы және қасақана ұйымдастырылған жолмен жүзеге асырылды делінген (Введенский, 1938: 78). Автордың бұл көрсетіп отырғаны октябрь революциясына дейінгі орын алған жағдайлар деп ескертеді.

Ақпан революциясынан кейін құрылған Уақытша үкімет Қазақстандағы басқару аппаратына да, қазіргі Қазақстан территориясындағы архив ісінің қалыптасуына өзгеріс алып келе қоймады деп тұжырымдайды. «Имеющиеся архивы при учреждениях в этот период подверглись массовому уничтожению. Царские чиновники, сидевшие в органах Временного правительства, замечали следы, уничтожали документы, избличавшие их в антинародной деятельности», – деп кеңес билігі орнағанға дейінгі орын алған мәселелерге тоқталды (Введенский, 1938: 81).

Қазақ КСР-нің архив ісінің тарихын кеңес органдарының құрылу тарихымен тығыз байланыстырады. 1918 жылғы 1 маусымдағы РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасының «РКФСР-дағы архив ісін қайта құру және орталықтандыру туралы» декретінен кейін Қазақстан территориясындағы архив құрылысының жандана бастағандығын алға тартады. 1922 жылы 24 қаңтарда Кинаркомпрос ұжымы Орталық өлкелік архив туралы Ереже қабылдайды. Бұл Ереже бойынша Орынбор-Торғай архиві Орталық өлкелік архиві болып өзгертіледі. 1923 жылы 24 сәуірде Қазақ ОАК президиумы Орталық архивті РКФСР Орталық архивінің бір бөлігі болып саналатындығы туралы ережені бекітті.

Осы туралы автор өз мақаласында көрсете келе, осыдан кейін республикадағы архив ісінде бір серпіліс пайда болды дейді. 1923 жылға дейін Қазақстанда екі архив органы болатын болса – Орынбор және Семей, енді қалған 5 губернияда архивтердің құрылғандығы туралы мәлімет беріледі (Введенский, 1938: 82). Сонымен қатар мақалада ұлттық межелеу кезіндегі Қазақстандағы өзгеріс тұсындағы архив ісіне, губерниялық архивтердің қызметіне, азамат соғысы тұсындағы қиыншылықтарға, сонымен қатар кадр мәселесіне де көңіл бөліп өткен.

Кеңестік кезеңде архив тарихына байланысты еңбегін А.В.Чернов та жазды (Чернов, 1940). А.В.Чернов «КСРО-дағы архив ісінің тарихы мен ұйымдастырылуы» атты қысқаша очеркінде КСРО архивтерінің тарихына тоқталады. Еңбекте, 1917-1921 жылдардағы азамат соғысы және шетел интервенциясы кезеңіндегі архивтердегі құнды құжаттарды сақтап қалу және республикалардағы архив ісінің алғашқы қадамдары, 1921-1935 жылдардағы ауыл шаруашылығын ұйымдастыру, индустриализация кезеңіндегі халық шаруашылығына аса қажетті құжаттарды анықтау жұмыстарының жолға қойылғандығы, кадр мәселесі және алғашқы архив жоғары оқу орнының құрылуы мәселелері қарастырылған. Автордың мәліметтері бойынша, сол кезде Қазақстанның тарихи архивінде 150 мыңға жуық бірлік іс сақталған. сонымен бірге А.В.Чернов республиканың 11 облысы мен аудандық архив қорының 1917 жылға дейінгі Ақтөбе, Қостанай, Ақмола, Семей, Бөкей гуюерниялары мекемелерінің құжаттары және аудандық архивтерде социалистік қоғам кезеңіндегі ауыл шаруашылығына саласына қатысты құжаттарынан құрылғандығын атап өтті. Сонымен қатар, Қазақ КСР-де екі орталық мемлекеттік архивтің Орталық тарихи архив, Казан революциясының орталық архиві жұмыс жасағандығын айтады. Аталған екі архив Қазақ КСР-нің ҮІК-не тікелей бағынатындығын айтады. Еңбекте одақтас республикалардың мемлекеттік архивтерінің тарихына, сақталған құжаттарға қысқаша сипаттама беріп өткен (Чернов, 1940).

И.З.Чумак 1950 жылы Қазақстандағы Казан революциясы туралы құжаттық материалдарды сақтауды ұйымдастырудың негізгі принциптері туралы кандидаттық диссертация қорғады (Чумак, 1956). Диссертацияда автор, архивтегі құжаттарды екі топта бөліп қарастырады: кеңестік кезеңге дейінгі және одан кейінгі уақыт. Сонымен қатар Қазақ КСР мемлекеттік архивіндегі құжаттық материалдарға да тоқталады.

Қазақ КСР архив басқармасының бастығы Н.Н.Федоровтың «Архивное дело в республиках Средней Азии и Казахстана» атты мақаласында Қазақстандағы архив құрылысының бастауында тұрған Орталық өлкелік архив тарихына тоқталып, 1932-1944 жылдары республикада облыстық архивтер жүйесінің қалыптасуына көңіл бөледі (Федоров, 1958). Сонымен қатар, архивтер тарапынан мерзімді баспасөзде тарихи құжаттарға толы материалдар жарияланып, көпшілікке ұсынылғаны баяндалады. Автор, кеңестік Қазақстандағы архив органдарының алғашқы онжылдығының жұмысына талдау жасай келе: «следует отметить, что работа Центрархива и губернских архивных бюро проходила по двум основным направлениям: выявление, учет и концентрация архивных материалов дореволюционного периода, разбросанных по учреждениям, а чаще всего по подвалам, сараям и чердакам, и начало разборки сконцентрированных в хранилищах материалов, приведение их в порядок и использование для справочной работы», – деп көрсетеді (Федоров, 1958: 205). Мақалада, Орталық өлкелік архив туралы ережелер мен қаулылар, архивтің құрылу тарихы мен қызметі туралы мәліметтер берген. Ұлы Отан соғысына дейінгі жылдарға талдаулар жасай келек, Қазақстандағы Орталық архив басқармасында сақтауда тұрған архивтік материалдар халық шаруашылығын, ғылымын дамыту мақсатында пайдаланылды және азаматтардың өтінішімен зерттеушілердің жұмысы үшін де пайдаланылды деп көрсетіледі.

Мақалада әсіресе Орталық мемлекеттік архивтің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қызметіне «в период Великой Отечественной войны архивные учреждения Казахстана оказали существенную помощь многим архивам других республик в сохранении их документальных богатств, эвакуированных на территорию Казахской республики», – деп ерекше мән беріп өткен (Федоров, 1958: 206).

Сонымен қатар Ұлы Отан соғысы кезеңінде Қазақстандағы архив мекемелерінің Қазақстан Республикасына көшірілген архив құжаттарының сақталуында атқарған рөліне де тоқталып өтеді. «Помимо этого архивные учреждения КазССР активно собирали материалы о героизме советских людей и опубликовали два сборника: «Письма с фронта», «Герои Советского Союза – казахстанцы»», – деп ұлы отан соғысы жылдарындағы қазақстандық архившілердің жариялымдық қызметіне де ерекше тоқталып кетеді (Федоров, 1958: 206).

Д.К. Мергенчин өз еңбегінде Қазақ КСР Орталық мемлекеттік архивінің құрылуынан бастап, құжаттық жарияланымдарының маңыздылығына тоқталады. Орталық мемлекеттік архивте кездесетін құнды материалдарға да сипаттама беріп өтеді. «В Центральном историческом архиве Казахской ССР в числе других интересных материалов имеются восточные рукописи конца XVIII и начала XIX вв. на арабском, манчжурском, китайским, монгольским и других языках, представляющие исключительный интерес не только для истории нашего народа, но и для изучения языковых особенностей его», – деп көрсетіп кетеді (Мергенчин, 1949: 126). Сонымен қатар мақалада Ресей империясының құрамындағы Қазақстанда алғашқы бекіністердің құрылуы, ұлт-азаттық көтерілістер, XIX ғасырдағы қазақ халқының күн көрісі, қазақ ағартушылары, азамат соғысы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақстандықтардың ерліктері және т.б. туралы материалдардың маңыздылығын айта келе, Қазақ КСР ІІМ Архив басқармасының Қазақ КСР-нің Ғылым академиясымен бірлесіп шығарған әдебиеттерге, құжаттық жинақтарға тоқталып өтеді.

«Теория и практика архивного дела в СССР» оқу құралында тікелей Қазақстандағы архив ісіне қатысты, архивтердің құрылу тарихына жан-жақты тоқталмағанымен, одақтық және автономдық республикалардағы Орталық мемлекеттік архивтерге талдау жасалып кеткен (Теория и практика архивного дела в СССР, 1958). Оқу құралының арнайы тарауында кинофотофоноқұжаттарды бағалаудың қолданыстағы тәжірибесі, оларды сақтау технологиясы және архив қоймаларын жинақтау мәселелері көтеріледі (Теория и практика архивного дела в СССР, 1958: 187). Сонымен бірге, архивқа тұрақты сақтауға хроникалық-деректі фильмдер, киножурналдар, арнайы шығарылымдар жеке деректі түсірілімдер түсуге тиіс. Архив қорларына ғылыми-көпшілік және оқу фильмдерінен өздерінің ақпараттық құрамдас бөлігі бойынша маңызы бар деректі фильмдер түсетіндігін нақтылап кеткен.

В.В. Максаков Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы архив ісі еңбегінде КСРО аумағындағы архивтердің тарихына шолу жасай отырып, Қазан төңкерісінен кейінгі уақытта КСРО-да архив ісі қайта құрылды деген тұжырымға келеді (Максаков, 1959). Автор архивтің тәжірибелік рөлін жоғары бағалап, архив құжаттарын социалистік құрылыстың барлық саласына пайдалану қажеттігін атап өтті. Территориясының үлкендігіне және басқару әкімшілігінің өзіндік

ерекшелігіне байланысты Орта Азия, оның ішінде Қазақстанда архив ісін ұйымдастыру және жұмысын жүргізу біраз қиындықшылықтарды тудырғандығына тоқталды. «На территории нынешней Казахской ССР в 1920 г. возникли архивные органы, подчинявшиеся Цуардел Туркестанской ССР, и вместе с тем существовали губернские архивные учреждения, подчинявшиеся Главному управлению архивным делом РСФСР» (Максаков, 1959: 155). Бұл 1918 жылы тамызда құрылған Қырғыз автономиясының орталықтарының Семей, Ақмола, Орал, Жетісу губернияларында орналасуының нәтижесі болды деп айта аламыз. Ақмола және Жетісу облыстарының аумағында 1920 жылы Омбыда Сібір революциялық комитеті құрған Архив басқармасы жұмыс істеді.

И.Л.Маяковский еңбегінде, КСРО-дағы архив ісі тарихын қарастыра отырып, одақтас республикалардағы архив мекемелерінің құрылу тарихына қысқаша шолу жасаумен шектеледі (Маяковский, 1960). Оның пікірінше тарихшы архив ісінің басқа да қырын зерттеуі керек дейді. Мысалы – нормативтік, архивтік құқықтық құжаттар. Қоғамдық және іскерлік қарым-қатынаста құжаттардың сақталуы қаншалықты роль ойнайтындығын, олардың заңдық күші қандай, құжат сақтаушыларға қандай міндеттер жүктелді осының барлығы архив ісінің нормативтік қырының дамуын зерттеу мәселесі болып табылады. Екіншіден, архив ісінің зерттеу дерегі болып заңдық күші бар ескерткіштер, мемлекеттік, жеке-құқықтық акт материалдары болып табылады. архивист тарихшының үшінші қыры оның дамуының ұйымдастырушылық жағы деп көрсетеді (Маяковский, 1960: 4).

Аталған еңбекте кеңестік кезеңге дейінгі архив жүйесіне тоқталған. Қазақ хандарының Ресей императорларымен алмасқан хаттары, сыйлықтары, арыз-шағымдары және оларға берілген патенттері туралы құжаттардың сақталғандығы туралы сөз етеді. Шаруалар көтерілісінің нәтижесінде бірқатар құжаттар жойылып кеткенімен олардың көшірмелерін ресей архив мекемелерінде кездестіруге болатындығы жайлы айтылған.

И.Козлитиннің студенттерге арнап шығарған оқу құралында Орта Азия және Қазақстандағы мемлекеттік архивтердің тарихына шолу жасайды (Козлитин, 1961). Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында республикада құрылған архив органдарының жұмыстары өте күрделі жағдайда іске асырылғаны, оның ішінде Қазақстандағы архив құрылысындағы жүргізілген жұмыстар-

дың ерекшеліктерінің бірі ретінде елдің астанасының екі мәрте ауыстырылуының архив органдарының жұмыстарына кері әсер еткендігін айтады. Еңбектен сол кезеңдегі әдебиеттерге тән отаршылдық-таптық көзқарасты да байқауымыз болады, мысалы, «Только при Советской власти, освободившей средне-азиатские народы от векового классового и национального угнетения и создавшей условия для широкого развития экономики и культуры этих народов стали создаваться государственные архивы, а документы использоваться в интересах трудящихся масс», – деп пікір беріп өтеді (Козлитин, 1961: 53). Дегенмен, автор өз еңбегінде Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында республикада құрылған архив органдарының жұмыстарының күрделілігін және архив мекемелерін құруда маман-кадрлардың жетіспеушілігі туралы да пікірлерін білдірді.

И.П.Козлитин еңбегінде кинофотофоно архиві туралы да мәлімет беріп кетеді. 1943 жылы қаңтарда Алматы қаласында құрылған Орталық мемлекеттік кинофотофоноқұжаттар архиві 1957 жылы Қазақ КСР-нің Орталық мемлекеттік архивіне бірігіп, оның бір бөлімі ретінде қызмет атқарғандығы жайлы сөз етеді (Козлитин, 1961: 89). Автор, 1943 жылы кинофотоқұжаттардың мемлекеттік архиві құрылғанға дейін деректі материалдардың осы «жаңа» түрлерін жинау мәселесіне тиісті көңіл бөлінбегенін алға тартады. Архивке келіп түскен материалдар негізінен кеңестік кезеңді қамтығанымен, бірқатар революцияға дейінгі материалдарды да көруге болады. Аталған еңбектен кинофотофоноқұжаттық архив туралы, ондағы құжаттар жайлы көптеген мәліметтер алғанымызбен, таптық көзқарасты да кездестіреміз. «Документы показывают превращение, в прошлом отсталого кочевого сельского хозяйства Казахстана в самое передовое хозяйство в мире» – деп өз көзқарасын да көрсетіп кеткен (Козлитин, 1961: 93).

Көптеген архив тарихына арналған еңбектердің ішінен кеңес архиві құрылысының бастауында қызмет еткен В.В.Максаковтың монографиясы ерекше орын алады (Максаков, 1969).

Ғалым РКФСР-КСРО-дағы мемлекеттік архивтар құрылысының дамуы, мемлекеттік архив қорлары туралы көптеген өзекті мәселелерді көтергенімен, бұл еңбек марксистік-лениндік идеологиялық ұстанымдарға негізделді.

Жалпы алғанда автор архив ісіне қатысты біраз мәселені қамти отырып, 1940 жылға дейінгі уақытта мемлекеттік архивтерді жасақтаудың «революциялық мақсатқа», яғни бүкіл архив қорындағы құжаттардың мемлекеттік сұраны-

сын қаңағаттандыру мақсатында бір орталыққа шоғырландырудың жүзеге асқандығын зерттеп шықты. Бірақ та, В.В.Максаковтың пікірінше, 1941 жылы социалистік революция мен социалистік құрылысқа қатысты құжаттардың мемлекеттік архив қорына алынуы толық аяқталған жоқ деген тұжырым жасай отырып, оған мысал ретінде, мемлекеттік архивтерден тысқары партия мен салааралық архивтер қорында және жазалу органдарының архивтерінде көптеген құжаттардың бар екендігін алға тартады.

Монографияда Қазақстандағы архив ісінің жүргізілуіне жекелей тоқталмағанымен, автономиялы республикаларда архив ісін ұйымдастыру мәселесі де кездесіп отырады. «К 1925 г. в Российской Федерации было уже 10 центральных управлений архивным делом в автономных республиках, в том числе Казахской», – деп көрсетіп кеткен (Максаков, 1969: 159). 1923 жылы ақпан айында КазКСР-нің ОАК Президиумы «Қырғыз (Қазақ) Республикасының Орталық архиві туралы Ереже» қабылдады. Яғни Қырғыз АКСР ОАК-нің жанындағы Орталық архив РКФСР-дің Орталық архивінің бір бөлігі болып саналды дейді. Қырғыз (Қазақ) автономиялық облысында 1926 жылы 30 тамызда облыстық атқару комитеті «жергілікті архив ісін ұйымдастыру және мекемелердегі құжаттарды ретке келтіру туралы» шешім шығарды. «В начале при орготделе облисполкома создали должность инструктора архивного дела, а с 1 октября 1926 г. стало действовать архивное бюро», – деп архив ісін ұйымдастыру мен жүргізілу барысына да көңіл бөліп өтті (Максаков, 1969: 166).

КСРО Архив Бас басқармасының бастығы Г.А.Беловтың еңбегінде КСРО-дағы архив ісінің мәселелеріне тоқталып, соның ішінде шетел архивтерімен саяси, мәдени, ғылыми тұрғыда байланыс орнату туралы және көптеген мемлекеттердің архивтарымен байланыстың жанданып келе жатқандығы қарастырылады (Белов, 1962).

В.И.Вяликов еңбегінде КСРО-дағы архив тарихының соғыстан кейінгі жылдардағы кезеңіне тоқталған. 1946-1967 жылдар аралығындағы мемлекеттік архивтерді ұйымдастыру шаралары, архивтер қорын толықтыру және құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, есепке алу, тәртіпке келтіру, құжаттық материалдарды пайдалану, кадрлар дайындау туралы мәліметтер келтірген (Вяликов, 1972).

В.И.Вяликов келесі «Архивное строительство в СССР (1917-1945 гг.)» еңбегінде Қазақстандағы архив құрылысының 1917-1945 жылдар аралығындағы тарихына бірнеше бөлімдерге

бөле отырып, қысқаша шолу жасайды (Вяликов, 1976). Бірінші бөлімі Қазан революциясынан жеңісінен кейінгі жылдардан бастап Кеңес билігінің нығайған кезеңі және азамат соғысы жылдарындағы архив ісі деп тоқталады. 1920 жылы 26 тамызда РКФСР құрамында Қазақ АКСР-нің құрылуы және 1921 жылы 14 шілдеде Басархив және автономиялы республикалардағы архивтік мекемелер арасындағы қарым-қатынас туралы Декреттің маңыздылығы ерекше болды. Социалистік құрылыстың жетістіктерінің нәтижесінде архивтердің қалыптасуы мен дамуы тез қарқынмен дамыды және архив мекемелері социалистік құрылысты нығайтуға үлес қосты деп бағалайды (Вяликов, 1976: 35). Еңбекте келесі бөлім 1921-1925 жылдар арасындағы архив ісіне сипаттама береді. Қазақстан жеріндегі архивтердің атауларының өзгертілуі, біріктірілуі және қабылданған Ережелер жайлы сөз етеді. 1937 жылы 29 желтоқсанда Қазақ КСР-нің ОАК республиканың барлық (172) аудандарында архивтер ұйымдастыру туралы қаулы қабылдады. Бұл туралы автор «аудандарда архивтердің қалыптасуы құжаттардың сақталу деңгейін жақсартты», – деп баға беріп өтті (Вяликов, 1976: 71). Келесі бөлімінде 1926-1929 жылдардағы индустриаландыру және ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезеңіндегі архив ісі деп бөледі. Бұл кезеңде Қазақ АКСР-інде жергілікті архив мекемелері қайта құрылды деп сипаттайды. Жаңа әкімшілік бөлініске байланысты губерниялық архивтік бюролар мен архивтер аудандық болып қайта құрылды. 1928 жылы тамызда ОАК «Қазақ Орталық архивіне тарихи-революциялық сипаттағы баспа және иллюстративтік материалдарды, фотосуреттерді және кинофильмдерді, сонымен қатар бұрынғы хандар мен сұлтандардың, Алаш Орда үкіметінің жақтаушылары мен көрнекті қайраткерлерінің және т.б. архив материалдарын тапсыру туралы» қаулы жарық көрді. Осыған сәйкес 1926-1929 жылдары архив мекемелері 200-ден астам қорды шоғырландырды, олардың жартысы орталық архивте сақталды. 1926 жылдан бастап архивтерде зерттеушілердің жұмыс жасай бастағанын да атап өтті. «Қазақстандағы 1917 жылғы революциялар», «Орта Азиядағы ұлт-азаттық қозғалыстар», «Жесітудағы партизандық қозғалыс» және т.б. тақырыптар бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді. Архивтағы құжаттардың барлығы үгіт-насихат ретінде пайдаланылғанын да жасырмайды. Архив құжаттарын кеңінен пайдалану мекемелер мен білікті кадрлардың жетіспеушілігін тудырды, – деп сол уақыттағы мәселені де атап кетті (Вяликов, 1976:

114). Келесі бөлімінде 1929-1937 жылдардағы Қазақстандағы архив мекемелерінің қайту құрылу тарихына тоқталады, яғни республиканың ОАК Орталық архив басқармасы туралы Ережені бекітуіне байланысты 1931 жылдың басында Орталық архивтің үш бөлімі пайда болғандығын (Семей, Петропавл, Орал), кейіннен олардың облыстық архив болып қайта құрылғандығы туралы жазады (Вяликов, 1976: 158). «В 1936 г. ЦАУ совместно с Казахским научно-исследовательским Институтом марксизма – ленинизма издало сборники документов: «Тургайский областной съезд Советов (Оренбург, 21 марта – 3 апреля 1918 г.)», «Учредительный съезд Советов Казахской АССР (4-12 октября 1920 г.)», – деп еңбекте Қазақстан архивистерінің жариялымын қызметтері туралы да мәліметтер беріп өткен. (Вяликов, 1976: 159). Онымен қоса бұл уақытта білікті маман-кадрлардың жетіспеушілігі мен ғимараттардың жоқтығына назар аударып кеткен.

Қазақстандық архившілер тарапынан республикадағы архив құрылысына қатысты М.О.Джангалиннің, М.А.Абдулқадирова, М.Х.Әбілованың мақалалары жарияланды.

М.О.Джангалиннің Қазақстандағы архив құрылысы тақырыбындағы мақаласында «Қазақстандағы архив ісі октябрь революциясынан кейін ғана өрледі» деген пікір айтады (Джангалин, 1968: 3). Патшалық Ресей дәуірінде қазақ халқының тарихынан хабар беретін құжаттық материалдар, көрнекті қайраткерлердің өмірі мен күресі туралы құжаттар әртүрлі ведомстволық архивтерде (Петербор, Орынбор, Мәскеу, Уфа, Астрахань) сақталғандығы жайлы мәлімет келтіреді. 1923 жылға дейін Қазақстанда – Орынбор және Семей губерниясындағы екі архивтік бюро болғандығын айтады. Бұл архивтік бюролар 1920 жылы сәуір айында құрылған. Бір жылдың ішінде Ақмола, Ақтөбе, Бөкей Ордасы, Қостанай және Орал губернияларында, ал 1924 жылдың қазан айында Алаев уезінде архивтер құрылғандығын көрсетті.

М.А.Абдулқадирова мен М.Х.Әбілова Қазақ КСР-нің Орталық мемлекеттік архиві туралы жазған мақаласында 1923 жылдан бастап архив қорларын ретке келтіру үшін белсенді жұмыстардың басталғандығын айтады (Абдулқадирова, Әбілова, 1968). Қазақстанның архив ісінің дамуында маңызды рөлді Қызылордада 1927 жылы 2 шілдеде басталған архив жұмысшыларының 1-республикалық конференция алды деп көрсетеді. Мұнда конференцияның шешімімен Қазақ Орталық архивінің негізгі

міндеті Октябрь революциясының өлкелік архивін құру, сонымен бірге ежелгі және қазіргі заманғы құжаттар, ұлт-азаттық көтеріліс туралы, мәдениет, шаруашылық және Қазақстан халқының тарихи дамуы туралы құжаттары бар ұлттық тарихи архивін құру болып табылды. Аталған мақалада, авторлар Орталық архивтің революцияға дейінгі, революциядан кейінгі, соғысқа дейінгі, Ұлы отан соғысы жылдарындағы және соғыстан кейінгі жылдардағы қызметіне тоқталады.

Авторлар, мекеменің революцияға дейінгі кезеңнің негізгі қорларын 5-ке бөліп көрсетеді: 1. Орынбор шекаралық комиссиясы (1799-1868 жж.), оның материалдары XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның солтүстік-батысындағы өмірдің барлық түсін қамтиды; 2. Сібір қырғыздарын облыстық басқару (1838-1868 жж.); 3. Ішкі қырғыз ордасын басқару (1801-1817жж.), мұнда Бөкей, Шығай, Нұрәлі, Жәңгір хандардың билеу тұсындағы барлық материалдарды қамтиды; 4. Жетісу, Ақмола, Торғай және Семей облыстық басқармалары (1868-1917 жж.) тұсындағы материалдар; 5. Дала генерал губернаторының (1882-1917 жж.) құжаттары бар екендігі айтылған (Абдулқадирова, Әбілова, 1968 10).

М.О.Джангалиннің келесі бір мақаласында Қазақ КСР-нің архив ісінің дамуы мен болашағы туралы жазған (Джангалин, 1971). 1960-1970 жылдар аралығында республикадағы архивтер мекемелер жүйесінде өзгерістер орын алғандығын атап өтеді. Мысалы, Талдықорған облысының қалыпқа келуімен (1967 ж., желтоқсан) және Торғай облысының құрылуымен (1970 ж., қараша) архив бөлімдері мен мемлекеттік архивтер құрылды. Жаңадан 11 филиалдың құрылуы, аға қылыми қызметкерлердің артуы аудандық және ауылдық жерлердегі архив мекемелеріндегі құжаттардың сақталу деңгейін белгілі бір деңгейде жақсартуға алып келгенін атап өтті. Мақалада «главное внимание уделялось подготовке к изданию крупных документальных публикаций, отражающих основные этапы социалистического строительства в Казахстане, участие казахстанцев в Великой Отечественной войне, возникновение и развитие патриотического движения за коммунистический труд в Казахстане, становление нового человека», – деп 1966-1970 жж. архив мекемелерінің жариялау қызметіне де көңіл бөліп кетті (Джангалин, Кужамуратов, 1971: 24). Осының нәтижесінде автор архив мекемелерінің және басқа да ғылыми орталықтармен бірге жариялаған еңберге, аудандық, ауылдық архив

мекемелірінің қызметкерлеріне арнайы өткізген семинарларға тоқталып өтеді.

Рамазанова Б.Р. мақаласында Қазақ КСР архив ісіндегі кейбір атқарылған жұмыстар мен болашақтағы дамуы туралы мәселелерді қарастырады (Рамазанова, 1977). Мақалада автор партия басшылығының және кеңестік органдардың жетекшілігімен республикада 1974 жылы жаңа екі архив құрылғандығын айтады. Мемлекеттік орталық ғылыми-техникалық құжаттама архиві және Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыстық жазбалар архиві. Соғыстан кейінгі бесжылдықта республиканың мемлекеттік архив қоры бес есеге көтерілді деп көрсетеді. Мақалада республикадағы архив ісін дамыту және архив құжаттарын іріктеу сапасын арттыру мақсатында ғылыми-әдістемелік базаны жетілдірудің маңызы зор екендігін атап өтеді. «Архивисты республики участвовали в разработке методики и критерией отбора на государственное хранение документов личного происхождения и изыскательской документации земельных, лесоустроительных, водно-мелиоративных организаций и учреждений: составлен перечень документов учреждений и предприятий угольной промышленности; изучены документы социологических обследований», – деп көрсете келе осындай зерттеу нәтижесінде олардың ғылыми және тарихи құндылығы туралы ұсыныстардың да берілгендігін айтады (Рамазанова, 1977: 58). Сонымен бірге Республиканың архив мекемелері мемлекеттік архивтерге құжаттарды жыл сайын қабылдаудың ғылыми негізделген көлемін анықтау мақсатында мекемелер мен ұйымдарда тұрақты сақтау құжаттарын қалыптастырудың қарқындылығын да зерттеуге қатысты.

Дремина Г.А. еңбегінде КСРО Орталық мемлекеттік архивтер тарихын (Орталық Мемлекеттік көне Қолжазбалар Архиві, Орталық Мемлекеттік әдебиет және өнер архиві, орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар архиві, Орталық Мемлекеттік Қазан революциясы архиві) зерттеген еңбегінде аталған архивтердің 1945-1970 жж арасындағы тарихы, қызметі, ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмыстары, қорлардың жинақталуы туралы қарастырылады (Дремина, 1977).

1926 жылдың 15 наурызында КСРО БОАК-ті, «Жергілікті жердегі архив қорын жинақтау және архив құру» туралы декрет қабылдаған болатын. Бұл декрет бойынша жергілікті жерлерде, яғни автономиялық республикалардағы, губерниялардағы, облыстардағы, уездердегі мекемелерден құжаттарды жинау жұмыстары жүргізілді.

Кеңестік дәуір кезеңінің, Қазан революциясы мен Қызыл армия архивтерін құру құру туралы мәселені В.В.Сорокин өз еңбегінде көтеріп кетті (Сорокин, 1982). Еңбекте жергілікті жерлерде мемлекеттік архивтерге тапсырылмаған 30 мыңға жуық қорлар болса, соның 12 мыңға жуық қоры Қазан революциясына қатысты, азамат соғысы және одан кейінгі қалпына келтіру жылдарының құжаттары еді дейді (Сорокин, 1982: 73). Архивте қызметкерлердің өте аз штатпен жұмыс жасауы, архив ғимараттарының және архив ісіне бейімделіп, лайықталып жасақталған үйлердің, ғимараттардың жетіспеушілігінің туындауы осындай жағдайлардың қалыптасуына әкеліп соқты.

Б.Р. Рамазанованың кеңестік архив ісінің 60 жылдығына арнап жазылған еңбегінде: «В.И. Лениннің 1918 жылғы 1 маусымдағы Декретінен кейін, тарихта алғаш рет Социалистік мемлекеттің қолында бұрынғы Ресей империясын мекендеген орыс және басқа халықтардың ғасырлар бойғы тарихының маңызды құжаттары шоғырланды» – деп жазды (Рамазанова, 1978). Сонымен қатар, бізге бұл еңбек республикадағы архив құрылысының бастауларындағы жетістіктерді баяндай отырып, үш орталық мемлекеттік архивтік және 19 облыстық мемлекеттік архив пен олардың 34 филиалдары бар екендігін, осы архивтер қорында 5 млн астам қағаз бірлік істің, 20 мың кино және дыбыс жазу құжаттары, 120 мың фотоқұжаттар және 22 астам тектік құжаттардың сақталуы туралы мәліметтерімен бізге құнды болып отыр. «Развитие качественно нового архивного дела в Казахской Республике началось также после Великой Октябрьской социалистической революции. Конечно, это сопровождалось исключительно большими трудностями, что до революции отдельные части территории современного Казахстана управлялись из различных административных центров», – деп Қазақстандағы архив ісінің қалыптасуы мен дамуын тікелей кеңес үкіметінің орнауымен байланыстыра келе өлкенің тарихы тарихы туралы құнды құжаттар Астрахань, Орынбор, Омск, Ташкент және т.б. қалаларының ведомстволық архивтерінде сақталғаны туралы айтады (Рамазанова, 1978: 4). Осының нәтижесінде Қазақстандық архивистардың жұмыстарының нәтижесінде 100 мыңдаған құжаттар қайтарылғандығын жазады. Еңбектен архив ісіне қатысты қабылданған заңнамалық актілермен қатар октябрь революциясынан кейінгі, Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы Қазақстандағы Орталық архивтің құжаттармен толықты-

рылу процесі туралы маңызды мәліметтер беріп өткен.

Б.Р. Рамазанованың «Қазақстандағы архив қызметін ұйымдастыруда лениндік принциптердің жүзеге асырылуы» атты мақаласында 1918 жылғы қабылданған лениндік декреттен кейін республиканың архив құрылысында түбегейлі өзгерістер орын алды деп көрсетеді (Рамазанова, 1978). Республикада лениндік декреттің жүзеге асуы қазақ кеңес мемлекеттілігінің құрылуы кезеңімен сәйкес келді. Осы жылдары Кирвоенревкомның бастамасымен губерниялық газеттерде жергілікті тұрғындарға, яғни революцияға дейінгі мекемелердің және жеке адамдарға қатысты құжаттар тапсырылсын деген үндеу жарияланғандығын да атап өтті (Рамазанова, 1978: 20). 1920 жылдардың басында Қазақ өлкелік военкомат жанында өлкелік архив қорын құру туралы ұсынысты дайындау үшін ғылыми архивтік комиссия құрылғандығын айтады. Кейіннен Қазақстанда мемлекеттік архив қызметін құруды қамтамасыз еткен үкіметтік жарлықтардың, қаулылар мен циркулярлардың негіздері әзірленген Республиканың Бас архиві болып қайта құрылғандығы белгілі.

1950-1960 жылдары архив мекемелерімен Мемлекеттік архив қорындағы құжаттарды реттеу және сипаттау бойынша үлкен жұмыстар атқарылды. Бұл жұмыстар тек мемлекеттік қана емес, сонымен қатар ведомствалық архивтерде жүргізілгендігі туралы айтылған. Аталған мақалада тек қана Орталық мемлекеттік архив жұмысына ғана емес, сонымен қатар кинофото және дыбыстық жазбалар архивінің жұмысына да тоқталып өткен. Кеңестік Қазақстан тарихындағы соғыстан кейінгі жылдардағы барлық маңызды оқиғалар кинохроникаларда, фотофоноқұжаттарда сақталғандығы туралы хабардар етіп отырған. Архив мекемелері қызметкерлерінің әдістемелік, ғылыми және жариялау қызметіне де көңіл бөлінеді.

М.Ж.Хасанаевтың архив ісі туралы лениндік декреттің 65 жылдығына арналған мақаласында «Февральская буржуазная революция не внесла существенных изменений в организацию архивного дела в Казахстане, так как ставила задачу смена всего аппарата управления фактически в том же виде, как и до революции», – деп өз пікірін білдіріп өтті (Қор 2222, тізбе 1, іс 122.: 5). Республика астанасын Алматыға көшіру Қазақстанның Орталық өлкелік архиві қорларындағы негізгі құжаттарды сақтау туралы сұрақтың жауабын шешуге мүмкіндік берді.

1960-1963 жылдары архив ісінде түбегейлі өзгеріс орын алды, яғни республиканың басархиві тікелей Қазақ КСР-нің министрлер кеңесіне басқаруына өтті. КСР Министрлер Кеңесінің бекітуімен 1980 жылдың 4 сәуірінде қабылданған КРСО-ның мемлекеттік архив қоры туралы жаңа Ережесінде архив құжаттарын архив мекемелеріне қабылдаудың саяси, құқықтық, ғылыми және тәжірибелік сұрақтарын қамтыды.

М.Хасанаевтың 1985 жылы жарық көрген мақаласында Қазақстанда архив ісін ұйымдастырудың лениндік қағидаттарын жүзеге асыру азаматтық соғыс аяқталғаннан кейін бірден басталғандығын жазады (Қор 2222, тізбе 1, іс 136. П.3). Архивтерді құтқару бойынша көптеген шаралар қабылданды. Қазақ әскери-революциялық комитетінің бастамасымен губерниялық газеттерде революцияға дейінгі мекемелер мен жеке тұлғалардың архивтік құжаттарын сақтау және тапсыру туралы халыққа және кеңестік мекемелерге үндеу жарияландығын айтады. Бұл жүргізілген іс-шаралар алғашқы ұлттық архивті құруда да шешуші рөл атқарды. Орынбор және Торғай губерниялық архивтерінің негізінде автономиялық республиканың Орталық аймақтық архиві құрылды. 1922 жылы қаңтарда Қазақ АКСР халық комиссариаты алқасы 1921 жылы қыркүйекте құрылған Республиканың Орталық Өлкелік архиві туралы бірінші ережені бекітті. Біздің еліміздің бүгінгі өмір кезеңі дамыған социализм дәуірінің деректі ескерткіштері арқылы тарихқа енеді. Оларды Кеңес халқының кейінгі ұрпақтары үшін сақтау және жеткізу – мемлекеттік архивтердің басты міндеті деп білеміз деп атап кетті. Ведомстволық архивтер тарихи және мәдени деректі ескерткіштердің уақытша сақтаушылары ретінде тарихи құндылықтардың сақтаушыларының маңызды қоғамдық қызметін атқаратындығын алған тартты (Қор 2222, тізбе 1, іс 136. П.3).

М.Хасанаевтың келесі мақаласында 1918 жылғы 1 маусымдағы Ленин декретіне «ол ешқашан заңды түрде жойылмаған, өйткені ол бүгінгі күнге дейін қолданыста. Көптеген тармақтар өз күшін сақтап қана қоймай, сонымен қатар архив ісі бойынша барлық кейінгі үкіметтік қаулылардың негізі болып табылады», – деп баға беріп өтті (Қор 2222, тізбе 1, іс 141. П.8). Архивтердің қоғамдық-саяси рөлін арттыру саяси-идеологиялық, мәдени-тәрбиелік, әлеуметтік-экономикалық және басқа да салалардағы өзекті міндеттерді шешу үшін архивтік құжаттарды тарту қажеттілігімен негізделеді. Осыған байланысты Қазақ КСР ОМА революцияға дейінгі

Қазақстан құжаттарының, мемлекеттік биліктің жоғары және салалық республикалық органдарының қорларының және Кеңес дәуірі басқармасының, сондай-ақ республикадағы жеке текті құжаттардың ірі массивінің жалғыз ұстаушысы ретінде ретроспективті құжаттық ақпаратты қоғам мүддесі үшін пайдалануды ұйымдастыруға өзінің ерекше жауапкершілігін түсінеді. Қазіргі уақытта архив бірқатар қорларды ашық пайдалану режиміне көшіру бойынша іс-шараларды жүзеге асырды. Революцияға дейінгі кезеңде 12 қор ашылды, кеңестік кезеңде – 17. Қор құрушымен келісуді талап ететін бұл жұмыс жалғасуда. Тарихтың «ақ дақтары» деп аталатындарды жариялау үшін кеңеске дейінгі кезеңнің, Қазақстандағы Қос билік кезеңінің архивтік қорлары, бұрын зерттеушілер үшін жабық болған 20-шы, 30-шы жылдардағы және одан кейінгі жылдардағы құжаттар ерекше қызығушылық тудыруы мүмкін – деп архив ісінің қызметіне де өз ойын білдіріп өтті (Қор 2222, тізбе 1, іс 141. П.9).

Қорытынды

Қазақстанның кеңестік жүйенің құрамында болуы, тарихымызбен қатар архив ісінің жүргізілуіне де, оны зерттеуге де өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Дегенмен, Қазақстандағы архив ісінің қалыптасуы, архив мекемелерінің пайда болуы туралы зерттеулер кеңестік кезеңде жарияланған біршама еңбектерде көрініс тапты.

Әсіресе, Максаков В.В., Тимченко Г., Введенский В.А., Чумак И.З., Мергенчин Д.К. монографиялары мен ғылыми мақалаларында Қазақстандағы алғашқы архив мекемелерінің пайда болуы, архив мекемелеріндегі құжаттардың жинақталуы, сонымен қатар архив ісінің қалыптасуы, маман кадрлардың дайындалуы

туралы бірқатар мәселелерді көтерген. Аталған зерттеушілердің еңбектерінде Қазақстандағы архив ісінің қалыптасуы, дамуы, жүргізілуі мәселелері үстірттеу, тек бір жақты ғана қарастырылып отырды. Ал қазақстандық архивтанушылар мен архив қызметкерлері М.О.Джангалиннің, М.А.Абдулқадирова, М.Х.Әбілованың, Б.Р.Рамазанованың, М.Хасанаевтың еңбектерінде еліміздегі архив ісі мәселелері біршама тиянақты зерттелген. Олардың еңбектері қазіргі уақытта Қазақстанда архив ісі мамандарын даярлауға арналған бірнеше оқу құралдарының шығуына да септігін тигізді. Әлі де осындай негіздегі мақсаты және кешенді түрдегі зерттеулермен айналысатын зерттеушілер қажет екенін атап өтеміз.

Біз осы аталған тарихнамалық талдаудың нәтижесінде болашақтағы зерттеушілердің төмендегі мәселелерге назар аударғандары жөн болар еді деп ойлаймыз. Кеңестік әдебиеттерде көп көтерілмеген еліміздегі архивтердегі қор құру, қорландыру мәселелері, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, архив құжаттарының құндылығын айқындаудағы мемлекеттік сараптама жүргізу, жеке тектік қорлар, олардың ерекшеліктері, архивші мамандарды даярлау, олардың қызметі, еңбек және тұрмыс жағдайы және оларды шешу жолдары туралы мәселелер кешенді түрде зерттелуі қажет. Кеңестік кезеңдегі облыстық, қалалық және аудандық архивтер, олардың қорландырылуы, қорлары, қор құжаттарын пайдалану мәселелері де арнайы зерттеулер үшін маңызды тақырыптар болар еді. Сонымен қатар, аз зерттелген, толықтыруды қажет ететін бағыттардың ішінде архив ісін басқаруды ұйымдастыру жүйесін, әр кезеңдегі олардың ерекшеліктерін, мемлекеттік сараптамалық-тексеру комиссияларының тарихын және т. б. туралы мәселелер әлі де болса, тереңдете зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер

- Абдулқадирова М.А., Абилова М.Х. (1968). Центральный государственный архив Казахской ССР. Советские архивы. №5. 9-13 с.
- Введенский В (1938). Архивное строительство в Казахстане. Архивное дело. №4(48). С.77-94
- Белов Г.А. (1962). Доклад основные проблемы развития архивного дела в СССР. (вместо автореферата). Москва. 35 с.
- Вяликов В.И. (1972). Архивное строительство в СССР (1946-1967). Москва. 109 с.
- Вяликов В.И. (1976). Архивное строительство в СССР (1917-1945). Москва. 220 с.
- Горбань Н.В. (1933). Архивные богатства Казахстана. (Путеводитель по архивохранилищу казцентрархива). Алма-Ата. 16 с.
- Джангалин М.О., Кузамуратов К.Ш. (1971). О состоянии и перспективах архивного дела в республиках Средней Азии и Казахстана (Казахская ССР). №5. 3-27 с.
- Джангалин М.О. (1968). Архивное строительство в Казахстане. Советские архивы. №5. 3-9 с.
- Дремина Г.А. (1977). Центральные Государственные архивы СССР 1945-1970 гг. Москва. 191 с.
- Козлитин И.П. (1931). Государственные архивы Республик Средней Азии и Казахстана. Учебное пособие. Москва. 167 с.

- ҚР ОМА. 544-қор, 1-тізбе., 122-іс. П.7
- Максаков В.В. (1959). Архивное дело в первые годы советской власти. Москва. 161 с.
- Максаков В.В. (1959). Архивное дело первые годы Советской власти. Москва. 262 с.
- Максаков В.В. (1969). История и организация архивного дела в СССР (1917-1945 гг.). Москва. 430 с.
- Маяковский И.Л. (1960). Очерки по истории архивного дела в СССР. – Изд.2. Москва. Часть I. 338 с.
- Миргенчин Д.К. (1949). Документальные публикации Центрального государственного архивов Казахской ССР. Вестник АН Каз ССР. 1949. №10. 153 с.
- Рамазанова Б.Р. (1977). Некоторые итоги и перспективы развития архивного дела в Казахской ССР. Советские архивы. №4. С. 56-63
- Рамазанова Б.Р. (1978). 60 лет Советскому архивному делу. Алма-Ата. 20 с.
- Рамазанова Б.Р. (1978). Осуществление ленинских принципов организации архивной службы в Казахстане. Советские архивы. №5. 20-28 с.
- Тимченко Г. (1932). Основы архивоведения. Алма-Ата «Издание ЦЕНТРАРХИВА КазССР». 37 с.
- Теория и практика архивного дела в СССР. (1958). Под.ред. Г.А.Белова, А.И.Логиновой, К.Г.Митяева. Москва. 341 с.
- Федоров Н.Н. (1958). Архивное дело в республиках Средней Азии и Казахстан. Исторический архив. №4. С.204-207 с.
- Хасанаев М. Архивное строительство в Казахстане (к 65 летию денинского декрета об архивном деле). ҚРОМА. Қор 2222, тізбе 1, іс 122. П. 5-11
- Хасанаев М. Сохраняйте архивы. ҚРОМА. Қор 2222, тізбе 1, іс 136. П.3
- Хасанаев М. Публикация и использование архивных документов как одна из форм идеологической работы ЦГА Казахской ССР. Қолжазба. ҚРОМА. Қор 2222, тізбе 1, іс 141
- Чернов А.В. (1940). История и организация архивного дела в ССР (краткий очерк). Москва: Научно-издательский отдел ГАЦ НКВД СССР. 207 с.
- Чекмарева Н.В. (1989). Партийное руководство развитием архивного дела в СССР (1917-1938 гг): Автореф.. канд., ист. наук. Москва. 25 с.
- Чумак И.З. (1956). Основные принципы организации хранения документальных материалов Великой Октябрьской Социалистической революции в Казахстане: автореф.к.и.н., Алма-Ата-Москва. 16 с.

References

- Abdulkadirova M.A., Abilova M.H. (1968). Central'nyj gosudarstvennyj arhiv Kazahskoj SSR. Sovetskie arhivy. №5. 9-13 s. (in Russian)
- Vvedenskij V (1938). Arhivnoe stroitel'stvo v Kazahstane. Arhivnoe delo. №4(48). S.77-94 (in Russian)
- Belov G.A. (1962). Doklad osnovnye problemy razvitija arhivnogo dela v SSSR. (vmesto avtoreferata). Moskva. 35 s. (in Russian)
- Vjalikov V.I. (1972). Arhivnoe stroitel'stvo v SSSR (1946-1967). Moskva. 109 s. (in Russian)
- Vjalikov V.I. (1976). Arhivnoe stroitel'stvo v SSSR (1917-1945). Moskva. 220 s. (in Russian)
- Gorban' N.V. (1933). Arhivnye bogatstva Kazahstana. (Putevoditel' po arhivohranilishhu kazcentroarhiva). Alma-Ata. 16 s. (in Russian)
- Dzhangalin M.O., Kuzhamuratov K.Sh. (1971). O sostojanii i perspektivah arhivnogo dela v ruspublikah Srednej Azii i Kazahstana (Kazahskaja SSR). №5. 3-27 s. (in Russian)
- Dzhangalin M.O. (1968). Arhivnoe stroitel'stvo v Kazahstane. Sovetskie arhivy. №5. 3-9 s. (in Russian)
- Dremina G.A. (1977). Central'nye Gosudarstvennye arhivy SSSR 1945-1970 gg. Moskva. 191 s. (in Russian)
- Kozlitsin I.P. (1931). Gosudarstvennye arhivy Respublik Srednej Azii i Kazahstana. Uchebnoe posobie. Moskva. 167 s. (in Russian)
- ҚР ОМА. 544-қор, 1-тізбе., 122-іс. П.77 (in Russian)
- Maksakov V.V. (1959). Arhivnoe delo v pervye gody sovetsoj vlasti. Moskva. 161 s. (in Russian)
- Maksakov V.V. (1959). Arhivnoe delo pervye gody Sovetskoj vlasti. Moskva. 262 s. (in Russian)
- Maksakov V.V. (1969). Istoriya i organizacija arhinogo dela v SSSR (1917-1945 gg.). Moskva. 430 s. (in Russian)
- Majakovskij I.L. (1960). Oчерки po istorii arhivnogo dela v SSSR. – Izd.2. Moskva. Chast' I. 338 s. (in Russian)
- Mirgenchin D.K. (1949). Dokumental'nye publikacii Central'nogo gosudarstvennogo arhivov Kazahskoj SSR. Vestnik AN Kaz SSR. 1949. №10. 153 s. (in Russian)
- Ramazanova B.R. (1977). Nekotorye itogi i perspektivy razvitija arhivnogo dela v Kazahstakoj SSR. Sovetskie arhivy. №4. S. 56-63 (in Russian)
- Ramazanova B.R. (1978). 60 let Sovetskomu arhivnomu delu. Alma-Ata. 20 s. (in Russian)
- Ramazanova B.R. (1978). Osushhestvlenie leninskih principov organizacii arhivnoj sluzhby v Kazahstane. Sovetskie arhivy. №5. 20-28 s. (in Russian)
- Timchenko G. (1932). Osnovy arhivovedenija. Alma-Ata «Izdanie CENTRARHIVA KazSSR». 37 s. (in Russian)
- Teorija i praktika arhivnogo dela v SSSR. (1958). Pod.red. G.A.Belova, A.I.Loginovoj, K.G.Mitjaeva. Moskva. 341 s. (in Russian)
- Timchenko G. (1932). Osnovy arhivovedenija. Alma-Ata «Izdanie CENTRARHIVA KazSSR». 37 s. (in Russian)
- Teorija i praktika arhivnogo dela v SSSR. (1958). Pod.red. G.A.Belova, A.I.Loginovoj, K.G.Mitjaeva. Moskva. 341 s. (in Russian)

- Fedorov N.N. (1958). Arhivnoe delo v respublikah Srednej Azii i Kazahstan. Istoricheskij arhiv. №4. S.204-207 s. (in Russian)
- Hasanaev M. Arhivnoe stroitel'stvo v Kazahstane (k 65 letiju deninskogo dekreta ob arhivnom dele). ҚROMA. Қor 2222, tizbe 1, is 122. P. 5-11 (in Russian)
- Hasanaev M. Sohranjajte arhivy. ҚROMA. Қor 2222, tizbe 1, is 136. P.3 (in Russian)
- Hasanaev M. Publikacija i ispol'zovanie arhivnyh dokumentov kak odna iz form ideologicheskoy raboty CGA Kazahskoj SSR. Қolzhabza. ҚROMA. Қor 2222, tizbe 1, is 141. (in Russian)
- Chernov A.V. (1940). Istorija i organizacija arhivnogo dela v SSR (kratkij ocherk). Moskva: Nauchno-izdatel'skij otdel GAC NKVD SSSR. 207 s. (in Russian)
- Chekmareva N.V. (1989). Partijnoe rukovodstva razvitiem arhivnogo dela v SSSR (1917-1938 gg): Avtoref. kand., ist.nauk. Moskva. 25 s. (in Russian)
- Chumak I.Z. (1956). Osnovnye principy organizacii hranenija dokumental'nyh materialov Velikoj Oktjar'skoj Socialisticheskoy revoljucii v Kazahstane: avtoref.k.i.n., Alma-Ata-Moskva. 16 s. (in Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Төлебаев Тұрғанжан Әбеуұлы – тарих ғылымдарының докторы. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, тарих факультеті, Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының профессоры, Алматы, Қазақстан. E-mail: tur-07@mail.ru

Илгидәева Сымбат Мошыновна – Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының докторанты, Алматы, Қазақстан. E-mail: symbat.moshyn@gmail.com

Information about authors:

Tulebaev Turganzhan Abeuovich – Doctor of Historical Sciences, Professor of the Department of World History, Historiography and Source Studies of the Faculty of History of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: tur-07@mail.ru

Ilgidaeva Symbat Moshinovna – doctoral student of the Department of World History, Historiography and Source Studies of the Faculty of History of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: symbat.moshyn@gmail.com

Сведения об авторах:

Төлебаев Тұрғанжан Абеуович – доктор исторических наук, профессор кафедры всемирной истории, историографии и источниковедения факультета истории КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: tur-07@mail.ru

Илгидәева Сымбат Мошыновна – докторант кафедры всемирной истории, историографии и источниковедения факультета истории КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: symbat.moshyn@gmail.com

Поступило: 08.01.2025

Принято: 10.03.2025